



БҰЙРЫҚ

Д.А.Аманжол
Балқаш қаласы

ПРИКАЗ

№ *104/2020*
город Балхаш

Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру мен білім ұйымдарында ішкі тәртіптік қағидаларының бұзушылығын болдырмау мақсатында, «Балқаш қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2020 жылғы 08 қыркүйегіндегі №226 бұйрығының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

- 1) жөндеу жүргізу, жиһаз, құрал-жабдық сатып алу, нысандарды тазалау, оқытушылар құрамына сыйлықтар, аттестациялар, мерекелік іс-шараларды өткізу және тағы басқа да мақсаттар үшін мәжбүрлі түрде қаражат жинауға үзілді-кесілді тыйым салынсын:
- 2) білім беру ұйымдарында:
 - кітап сатуға, көңіл көтеретін мерекелерге билет сатуға;
 - концерттік бағдарламаларды өткізуге шақырылған әртістердің қызмет көрсетуге ақша жинауға;
 - мерекелік күндері оқушыларға сыйлықтар мен жүлделерді сатып алуға ата-аналар мен оқушылардан қаражат жинауға;
 - мерекелік күндерге білім беру ұйымдарын безендіру үшін ақша жинауға;
 - тамақтандыру ұйымдарымен, байланыс операторларымен және т.б. коммерциялық құрылымдармен жарнамалық шаралар ұйымдастыруға;
 - жалға беру туралы келісім шарты жоқ коммерциялық құрылымның өнімдерін өндіруге;
 - білім беру ұйымдарының қызметкерлерімен бюджеттен қаржыландырылмайтын байқаулар мен интеллектуалдық ойындарға оқушылардың қатысуы үшін ата-аналардан төлем ақы жинауға жол бермеу үшін ықпалды шара қолдансын;

000139

3) тәрбиелеу жұмысын орындау аясында білім беру ұйымдарының оқушылары мен тәрбиеленушілерінің мәдени-көпшілік шараларға қатысуы үшін қаражат жинау тек ерікті түрде және білім беру ұйымдары қызметкерлерінің қатысуысыз өткізілсін (театрларға, көрмелерге, мұражайларға қатысу);

4) оқу орнының қажеттіліктері үшін қаражатты заңсыз жинау мәселесі бойынша педагогикалық ұжымдар мен ата-аналар комитеттері мүшелерінің арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;


5) ата-аналардан заңсыз ақша жинаған сынып жетекшілер, мұғалімдер, тәрбиешілерге тиісті шаралар қолданылсын;

2. Осы бұйрықты тиісінше жүзеге асырмаған қызметкерлерге тәртіптік жазадан лауазымнан босатуға дейінгі шаралар қолданылсын.

3. Осы бұйрықты барлық қызметкерлердің назарына жеткізілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



А.Т.Абдуалиева